

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 маусымдағы № 645 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 26 қантардағы № 1141 Жарлығы. 1-тармағының бірінші және екінші абзацтарын қоспағанда, күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 681 Жарлығымен.

Ескерту. 1-тармағының бірінші және екінші абзацтарын қоспағанда, күші жойылды
- Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 681
Жарлығымен.

Каулы етемін:

1. "Астана – жаңа қала" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 29 маусымдағы № 645 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2001 ж., № 22, 270-құжат; 2005 ж., № 11, 100-құжат; 2007 ж., № 4, 50-құжат; № 22, 245-құжат; 2008 ж., № 29, 281-құжат; № 46, 523-құжат; 2009 ж., № 40, 388-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақтағы "2015" деген цифрлар "2027" деген цифрлармен ауыстырылсын;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген "Астана – жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы туралы ережеде:

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"АЭА аумағының құрамына аланы 598,1 гектар Индустріялық парк кіреді.";

2-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.1. АЭА аумағындағы негізгі өндірістік қызмет түрлері:

1) өзге де металл емес минералдық өнімдер өндіру;

2) машиналар мен жабдықтар жасау;

3) тұрмыстық электр аспаптарын шығару;

4) резенке және пластмасса бүйімдарын шығару;

5) химия өнеркәсібі;

6) металлургия өнеркәсібі;

7) электр жабдығын, оның ішінде электрмен жарықтандыру жабдығын шығару;

8) жарықтандыру аспаптарына арналған шыны құрамдастарын шығару;

9) татақ өнімдерін өндіру;

10) сүрек массасы мен целлюлоза, қағаз және картон шығару;

11) жиһаз шығару;

12) автокөлік құралдарын, трейлерлер мен жартылай тіркемелер шығару;

13) теміржол локомотивтері мен жылжымалы құрам шығару;

14) әуе және ғарыштық ұшу аппараттарын шығару;

15) негізгі фармацевтикалық өнімдер мен препараттар шығару болып табылады.";

Мынадай мазмұндағы 2-2-тармақпен толықтырылсын:

"2-2. Осы Ереженің 2-1-тармағының 14) тармақшасында көрсетілген, АЭА-ның барлық аумағы шегінде жузеге асырылуы мүмкін қызмет түрін қоспағанда, осы Ереженің 2-1-тармағында көрсетілген қызмет түрлері Индустріялық парк шегінде ғана жузеге асырылады.";

9-тармакта:

"Қазақстан Республикасының кедендік аумағының" деген сөздер "кеден одағы аумағының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"кедендік режимі" деген сөздер "кедендік рәсімі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"аумағы" деген сөзден кейін "кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе)" деген сөздермен толықтырылсын;

9-1 және 9-2-тармактар мынадай редакцияда жазылсын:

"9-1. Еркін кеден аймағының кедендік рәсіміне кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік және өзге де кызметті жүзеге асыру мақсатында еркін кеден аймағының кедендік рәсімі қолданылатын АЭА аумағында орналастыруға және колдануга арналған тауарлар орналастырылады.

9-2. АЭА аумағында еркін кеден аймағының кедендік рәсіміне орналастырылған тауарларға қатысты кеден одағының кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес операцияларды жасауға рұқсат етіледі.";

10-тармакта:

"ресімдеу" деген сөз "декларациялау" деген сөзбен ауыстырылсын;

"бақылау" деген сөзден кейін "кеден одағының кеден заңнамасында және (немесе)" деген сөздермен толықтырылсын;

15-тармактың үшінші абзасындағы "өзге кедендік режимде" деген сөздер "өзге кедендік рәсіммен" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген Ережеге қосымша осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жана редакцияда жазылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н. Назарбаев

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2011 жылғы 26 қантардағы

№ 1141 Жарлығына қосымша

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2001 жылғы 29 маусымдағы


№ 645 Жарлығымен бекітілген

"Астана – жаңа кала" арнағы

экономикалық аймағы туралы

ережеге қосымша

"Астана – жаңа қала" арнағы экономикалық аймағы шекарасының жоспары



"Астана – жаңа қала" АЭА аумағы S=5900,9 га

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және күкірткыш ақпарат институты» ШЖҚ РМК